

**Катонқарағай ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 512 " Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 339 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 7978 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № 10 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының әкімдігінің 01.02.2021 № 10 қаулысымен (01.02.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18 - бабының 2) тармақшасына, 139 - бабының 9 - тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабының 2 - тармағына, 37 – бабының 1, 2 - тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 - бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі " Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 – бабының 1, 2 - тармақтарына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Катонқарағай ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 512 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6456 санымен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 30 желтоқсанда жарияланған) қаулысына төмендегі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Катонқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Катонқарағай ауданының әкімдігінің интернет - ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Сыдыковаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Катонқарағай ауданының әкімі*

*Р. Курмамбаев*

" К Е Л І С І Л Д І " :

К а т о н қ а р а ғ а й  
м ә с л и х а т ы н ы ң

а у д а н д ы қ  
х а т ш ы с ы

\_\_\_\_\_ Д .  
2020 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Б р а л и н о в

Катонқарағай  
ауданының әкімдігі  
2020 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ № 339 қаулысына қосымша

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Басқарушы персонал: аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы, стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы ("Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары" коммуналдық мемлекеттік мекемелер), білім беру саласындағы аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары, аудандық маңызы бар әдістемелік кабинеттің басшысы, мәдениет пен мұрағат ісі саласындағы мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорынның басшысы мен басшы орынбасары, сектор, бөлім, филиал басшысы.

2. Негізгі персонал, салалар бойынша:

1) әлеуметтік қолдау: барлық мамандықтағы дәрігерлер, фельдшер, медициналық мейіргер, фармацевт, диеталық бике, барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, дефектолог, логопед, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының (ұйымдардың) әдіскері, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік қызмет жөніндегі консультант, иппотерапия жөніндегі нұсқаушы-әдіскер, мәдени ұйымдастырушы, шаштараз, емдік дене шынықтыру жөніндегі маман, жүзу жөніндегі нұсқаушы, музыкалық жетекші, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, ассистент;

2) білім беру: мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, арнайы (түзету) және мамандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандық мұғалімдері, дефектолог-мұғалім (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), логопед мұғалім, алғашқы әскери дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, аға вожатый, тәрбиеші, әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыкалық жетекші, қосымша білім беру педагогы, ұйымдастырушы педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, хореограф, сүйемелдеуші;

3) мәдениет: мамандар, оның ішінде мұрағатшы, археограф, экскурсовод, барлық атаудағы әртіс, әдістемеші, балетмейстер, кітапханашы, барлық атаудағы суретші, музыкалық жетекші, режиссер;

4) спорт: аға жаттықтырушы, спорт бойынша аға жаттықтырушы-оқытушы, спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы, спорт жаттықтырушысы, дене шынықтыру және спорт бойынша нұсқаушы, нұсқаушы-спортшы.

3. Әкімшілік персонал: мемлекеттік мекемедегі және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындағы басшы (меңгеруші): кітапхана, лагерь, интернат, шеберхана, оқу-әдістемелік шеберхана, кітапханашы, концертмейстер, көркемдік жетекші, мәдени ұйымдастырушы, қор сақтаушысы, архивариус, инспектор.

4. Көмекші персонал: кезекші әкімші, мұражай қараушысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК